

Бейімделуді ұйымдастыру

Тексерген: Калдина С.С

Орындаған: Құрманбаева Қ.Б

Қыздарбек Д.Е

Бейімделу (ағыл. *adaptation*, орыс. *адаптация*)– алғашындабиологиядапайдаболғангермин, құрал мағынасын беріп, қоршаған орта мен ағза арасындағы байланысты зерттеу кезінде алыптасты. Кейін әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдардың жаңа идеяларымен толығып, жаңа мағынаға ауысты.



Әлеуметтік бейімделудің теориялық жақтары: бейімделу үдерісі көп жағдайда ортаның белсенді реттеуші үдерісі жағдайында сипатталады. Әлеуметтік бейімделу үдерісінің басты идеясы – жеке тұлғаның жаңа әлеуметтік ортамен формалды және формалды емес әлеуметтік қатынас барысында ондағы қалыптасқан нормалар мен құндылықтар жүйесін қабылдауы. Бейімделу аккультурациялық жағдай барысында да қарастырылады.

Аккультурация (ағыл. *acculturation*, орыс. *аккультурация*) – әртүрлі мәдениеттер және қоғамдық қатынастар тұрғысымен дамыған халықтың мәдениеті басымырақ болған жағдайда, мәдениет үлгілерінің өзара ұқсастырылуы және бір-біріне бейімделуі. Аккультурация жағдайында мәдениеттер алмасуында жеке адамның жандүниесінде басқа мәдениетке деген іштей қарсылық сезімі туындап, адамның мәдени сәйкестілігінің бұзылу қаупі туындайды.

Бейімделудің элементтері:

- профессионалды
- әлеуметтік-психологиялық
- психо-физиологиялық
- экономикалық
- ұйымдастырушылық



**Бейімделу
реакцияның
ұзақтығы**

Бейімделу реакцияларының түрлері

Жедел механизмдер

Ағза функциясы реттелуінің
нейрогуморальды және миогенді
механизмдері.


Ұзақ уақытты
механизмдер

Геоэлеметтік биоритмдер.
Арнайы және арнайы емес
резистенттілікке тұрақтылығы.

Тұрақты
механизмдер

Геофизикалық биоритмдер.
Тұқым қуалайтын иммунитет.
Инфекциядан арнайы емес қорғаныс.

Бейімделу кезеңдері





Бейімделу әсерленістері-

біріншісінде әсер етуші түрткілерді түйсіну үшін физиологиялық әсерленіс белсендіріледі, ал екінші түрінде оның әсерімен кездесуден организм қашқактайды.

Адамдарға төтенше түрткілер әсер еткенде **2 түрлі әсерленіс** байқалады.

1.Барабар әсерленіс

организмнің арнайы жауаптары арқылы төтенше түрткілердің әсерін әлсіретіп немесе жойып, оның қажетті іс әрекетін сақтауға бағытталады. Мұрдай жағдайда адам байымды, мақсатты мінез көрсетеді. Адамда қырағылық, қосымша сақтық пайда болады.

2.Абыржу әсерленісі

талдағыштардың түйсіну табалдырығы көтеріледі, зейін шашырайды, зерденің көлемі азайып, адамның еңбектену қабілеті төмендейді. Абыржудың белсенді түрінде үрей билеген адамның мінезін байқауға болады. Ол пайда болған жағдайдан қашу әрекетінен басталады, мінездік көрніс қисынсыз, орашалақ түсініксіз жағдайға байланысы жоқ қимылдардан тұрады. Ал селқос түрінде, керісінше қимыл тыйылады. Адам дағдырып, еркінен айырылып, есінен танады.

Бейімделу синдромының механизмі (Г.Сель бойынша)

- Бейімделу синдромы - Кез-келген төтенше немесе патологиялық тітіркендіргіштің әсерінен организмде бір-бірімен байланысты және тізбекте туындайтын және организмнің төзімділігін шыңдауға бағытталған өзгерістер жиынтығы; адаптация синдромының дамуына басты рольді гипофиз - бүйрек үсті безі жүйесі атқарады.
- Г.Сельенің пікірі бойынша кез келген стрессор алдыңғы гипофизге әсер етіп, онда кортикотропин түзіліп шығуын күшейтеді. Ол өз алдына бүйрек үсті бездерінің сыртқы қабатына әсер етіп, глюкокортикоидтық гормондардың өндірілуін арттырады. Осыдан қолайсыз ықпалдардың әсерлеріне организмнің төзімділігі көтеріледі. Кортикотропин мен глюкокортикоидтық гормондарды *адаптациялық гормондар* деп атайды.

Назарларыңызға рахмет

